



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

және толықтырулармен), 1-ші «Қаржы Есептілігін» Ұсыну Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарты (IAS 1), 18-ші «Табыс» Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарты (IAS 18), 17-ші Жалдау ҚЕХС-ын (IAS), 28-ші Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар ҚЕХС-ын (IAS), 4-ші Сақтандыру келісімшарттары ҚЕХС-ын (IFRS), 9-шы Қаржы құралдары ҚЕХС-ын (IFRS) , 41-ші Ауылшаруашылығы ҚЕХС-ын (IAS), ұйымның есеп саясаты, түрлі құқықтық-нормативтік әдіснамалық нұсқаулар мен өзге де маңызды құжаттары негізге алынады.

Кәсіпорынның қаржылық нәтижесі өткізу көлемінің өзгерісінің жалпы табыс ауытқуына әсерін анықтау табыстылықтың келесі абсолютті көрсеткіші – негізгі қызметтен алынған табыс арқылы анықталады (негізгі қызметтен алынған табыс = жалпы табыс – кезең шығындары). Қаржылық нәтиже негізгі және негізгі емес қызметтен қалыптасып, пайда мен зияндар есептілігі негізінде көрсетіледі. Барлық қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін кәсіпорынның тұрақтылығы, пайдасының жыл сайын артуы негізгі басымдық. Сәйкесінше, кәсіпорынның пайдасын жоғарылатудың негізгі факторы – өндіріс көлемі мен қазіргі ғылыми техникалық дамуға сәйкес жаңа инновациялы технологияларды өндіріске енгізу, арқылы өзіндік құнды төмендетіп, еңбек күшін техника мен технологияларға негіздеу арқылы екені анық.

Қорыта келе, ұйымдардың шаруашылық қызмет нәтижесі – алынған табыстар мен жұмсалынған шығындардан қалыптасады. Сәйкесінше табыстар мен шығындар ұйымның қаржылық нәтижесін өзгертіп отырады. Ал ұйымдардың табысын қалыптастыру өнім өндіруге, тауарлар мен көрсетілген қызметке жұмсалған шығындарға тікелей байланысты. Өз кезегінде шығындар сомасы болашақ экономикалық пайда күтіліп отырған активтерді азайды.

Қолданылған әдебиттер тізімі

- 1) Торашева Ш.М. Теория бухгалтерского учета. – Караганда, 2000.-115б
 - 2) Қазақстан Республикасының 28.02.2007 ж. №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы(өзгерістер және толықтырулармен). www.minfin.kz.
 - 3) Әбдіманапов Ә.Қаржылық есеп: Оқулық – Алматы, 2007.417-438 б.
- Когут О.Ю. Теоретические аспекты учета и анализ финансовых результатов деятельности организации // Вестник КазНУ.-2014.-№2.-б.80-86

УДК 657 65.052

ШАҒЫН БИЗНЕС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЕСЕБІН ҰҚЕС БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

Искабулова Айгерім Калиоллаевна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050800- Есеп және аудит мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Аленова

Шағын бизнес кәсіпорындарында кірістер мен шығыстар есебі Ұлттық қаржылық есептілік стандартының екінші «Бухгалтерлік есеп жүргізу» бөлімінің «Кірістер мен шығыстарды есепке алу» жетінші параграфы бойынша жүргізіледі.

Ұлттық қаржылық есептілік стандарты бойынша кірістер – есепті кезең ішінде активтердің түсімі немесе өсімі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында экономикалық пайданың ұлғаюы, олар капиталға қатысушы адамдардың жарнасына байланысты ұлғаюдан өзгеше капиталдың ұлғаюына әкеп соғады. Шығыстар – есепті кезең ішінде активтердің шығуы немесе азаюы немесе міндеттемелердің пайда болуы нысанында экономикалық пайданың азаюы, олар капиталға қатысушы адамдарға бөлуге байланысты азаюдан өзгеше капиталдың азаюына әкеп соғады.

Жұмыстың орындалуы, қызметтің көрсетілуі кезінде кіріс есептілік күнінде операцияның аяқталу кезеңін көрсету жолымен танылады. Аяқталу кезеңінде операция, жұмыс орындалуының тиімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар амалдармен анықталады, оның ішінде:

- жасалған жұмыстың есептілігі;
- көрсетілген қызметтер, жұмыстың орындалуынынан, қызметтің көлемінен пайыз ретіндегі жұмыстар;

- жалпы күтілетін шығындарға келтірілген шығындардың пропорционалды қатынасы;

Операция нәтижесі сенімді бағаланбағанда, кіріс мойындалған өтелетін шығындардың сомасында ғана танылады. Келісімшарт бойынша ақша қаражаттарын алу күтілмеген жағдайда, келісімшарт келтірілген шығындар сол күні залал ретінде танылады. Келтірілген анықтамалар түсінікті және жаңа ҰҚЕС қолдануға ыңғайлырақ.

Принципал атынан атынан агент қызмет ететін жеке және заңды тұлға атынан жиналған сомалар агенттік қатынасы кезінде агенттің кірісі болып табылмайды.

Комиссиялық сыйақыларды алуға жататын сома кіріс болып табылады. Талданған пункттің нормалары желілік бизнес компаниялары агенттеріне де қатысты болып келеді.

Қаржыландырудан түскен кірістерге:

- ақша қаражаттарын қолдануды қамтамасыз ететіні үшін қаржылық активтер бойынша кірістерді алумен байланысты операциялар көрініс табатын сыйақы ақша бойынша кірістер;

- бағалы қағаздар және қатысу үлесі бойынша алынған дивиденттермен байланысты кірістер, және сол кірістерді алумен байланысты операция бейнеленетін дивидент бойынша кірістер, төлеу құқығына ие болған кезінде танылады.

- қаржылық лизинг тен түскен кірістер.

Қаржыландыру бойынша кірістер өздерінің жұмыс кезеңінде танылады.

Басқа да кірістерге мыналар жатады:

- материалдық емес активтер мен негізгі құралдардың есептен шығарылуы;

- мемлекеттің субсидиядан;

- оң бағам айырмашылығы;

- келісімшарт шарттарын бұзғаны үшін айыппұлдар;

- Азаматтық кодекспен бекітілген қуылу мерзімі өткен кредиторлық берешек сомасы;

- түгендеу кезінде артық шыққан материалдық құндылықтар;

- субъектіге жасалған залал үшін төленетін түсім;

- жалдаудан түсетін кірістер;

- тағы басқалар;

Стандартта басқа да кірістер туралы нақты және толық анықтамалары көрсетілген.

Шығыстар ағымдағы шығыстар және болашақ шығыстар болып екіге бөлінеді. Болашақ кезең шығыстарға алдағы уақытта жасалатын салалар бойынша немесе болашақта кіріс алу мақсатында қолданылатын активтер бойынша кірістер жатады. Есептеу және сәйкестік принципіне сәйкес, болашақ кезең шығыстары субъект балансында, осы операциядан кіріс танылғанша актив ретінде көрсетіледі. Сондықтан кіріс танылған кезінде болашақ кезең шығыстары біртіндеп кезең шығыстарына жатқызылады. Стандартта болашақ кезең шығыстардың анықтамасы толық көрсетілген.

Егер нақты өлшемдер негізінде активтердің азаюы немесе міндеттемелердің көбеюі болашақ экономикалық пайдалардың азаюына әкеліп жатса, шығыстар пайда мен зиян есептілігінде танылады. Егер шығындар болашақ экономикалық пайда әкелмесе, шығыстар пайда мен зиян есептілігінде сол күні танылады. Келтірілген анықтамалар түсінуге ыңғайлы және ҰҚЕС-н жаңа нормаларын қолдануды жеңілдетеді.

Тауарлар кепілдігі бойынша міндеттемелер пайда болғаны сияқты міндеттемелер активтер танылмаған кезде пайда болса шығындар пайда мен зиян есептілігінде танылады. Жұмысшыларды марапаттау бойынша шығыстарға жұмысшыларға өзге төлемдер мен сыйықтар немесе демалыс кезінде төленетін еңбекақылар жатады. Еңбекақы төлеу бойынша есептілік ведомосы арнайы қосымша формасында толтырылады. Келтірілген

анықтамалар түсінуге ыңғайлы және ҰҚЕС-ң жаңа нормаларын қолдануды жеңілдетеді. Жұмысшыларды марапаттау бойынша шығыстар қысқа мерзімді бағалаушы міндеттелерді қарастырмайды. (демалысты пайдаланбау бойынша резервтер). ҰҚЕС-ті қолданатын субъектілердің жұмыс жоспарында 3430 шоты «Жұмысшыларды марапаттау бойынша қысқа мерзімді бағаланатын міндеттемелер» қарастырылмайды.

Қаржыландару шығындары өзіне қаржылық лизинг бойынша төленетін пайыздар шығыстары және марапаттау бойынша шығыстарды қосады. Қаржыландыру бойынша шығыстар субъектімен сол кезең шығыстары ретінде танылады.

23 «Займ бойынша шығыстар» ХҚЕС-мен салыстырғанда ҰҚЕС-да қаржыландыру бойынша шығыстардың есебінің тек бір нұсқасы ұсынылады. Құрылыс және өндірісті сатып алуға қатысты займ бойынша шығыстардың мүмкін болатын есептілік баламалық реті ҰҚЕС-да қарастырылмаған.

Басқа да шығыстарға бірыңғай саланың үдерісінен тәуелді емес кезде пайда болатын басқа да шығыстар жатады. Оларға:

- материалды емес активтер мен негізгі құралдардың есептен шығарылуы;
- теріс бағам айырмашылығы;
- үмітсіз талаптарды есептен шығару бойынша шығыстар;
- жал бойынша шығыстар;

Жеке кәсіпкердің корпорациялық табыс немесе жеке табыс салығы бойынша шығыстары ҚР-ның салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

ҰҚЕС-н қолданатын субъектілер ХҚЕС 12 «Пайдаға салынатын салық» бойынша анықталған пайдаға салынатын салыққа байланысты есептілік ретінен босатылды. Яғни, кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер және кейінге қалдырылған салықтық активтер субъектімен танылмайды. 2810 «Корпорациялық табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер» және 4310 «Корпорациялық табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер» ҰҚЕС қолданатын субъектінің жұмыс жоспарында қарастырылмайды.

Қолданылған әдебиет

1. Ұлттық қаржылық есептілік стандарты. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығымен бекітілген.

УДК 336:947.6

СТАТИСТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПОТРЕБЛЕНИЯ ОРГАНИЧЕСКИХ УДОБРЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Имангалиева Айжан Амангазиевна

aizhan_imangalieva96@mail.ru

Студентка группы УиА-22 экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Турбекова Б. О

С точки зрения ФАО (продовольственной и сельскохозяйственной организации ООН), сельское хозяйство является неотъемлемой составляющей «зеленой» экономики. Сельскохозяйственная и продовольственная отрасли используют более 60% экосистем планеты и обеспечивают средства к существованию для 40% мирового населения. Применение экологического подхода в управлении сельским, лесным и рыбным хозяйством позволит удовлетворить разнообразные потребности общества, не ставя под угрозу возможности будущих поколений пользоваться продукцией и услугами наземных и морских экосистем.[1]

Сельское хозяйство Казахстана обладает потенциалом значительного роста благодаря